WORLD ANTI-DOPING AGENCY
play true

COVID-19: сұрақтар мен жауаптар

23 ақпан 2021 ж.

---

1. Әлеуметтік алшақтық пен оқшаулануға қатысты шектеулерді ескере отырып, мен COVID-19 пандемиясы кезінде сынамадан өте аламын ба?

Жергілікті билік енгізген денсаулық сақтау органдарының оқшаулану немесе физикалық алшақтауға қатысты нұсқамалары сақталған жағдайда тестілеу кез келген уақытта және кез келген жерде жүргізілуі мүмкін.

2. Мен сынама тапсырған кезде, жұқтыру ықтималдығын азайту үшін қандай шара қолданылады?

Допингке қарсы ұйымдар (ДҚҰ) Денсаулық сақтау органдарының ұсынымдарына сәйкес және сіздің денсаулығыңыз бен сынамалар жинауды орындайтын персоналдың денсаулығын қорғау үшін қолданыстағы шектеулерді ескере отырып, күшейтілген шаралар қабылдауы тиіс. Толығырақ ақпаратты WADA-ның 2020 жылғы 25 қарашадағы COVID-19 пандемиясы кезінде сынама өткізу жөніндегі нұсқаулығынан табуға болады, Оның ішінде жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) пайдалану, қолды жуу және спортшының денсаулығы мен жағдайын тестілеу басталғанға дейін бағалау сияқты қосымша ұсынылған шаралар бар.

3. ДҚҰ инфекцияның таралу мүмкіндігін азайту үшін қандай нақты шаралар қолданады?

Біріншіден, ДҚҰ-ға тестілеу кезінде сынамаларды жинайтын қызметкерлер қолдарын үнемі жуып, қолдарын тазартып немесе тестілеу орнына келген кезде жаңа қолғап кию керек екендігі туралы ақпарат берілді. Спортшылар мен сынама жинайтын қызметкерлер бетперде киіп, мүмкіндігінше жергілікті денсаулық сақтау органдары белгілеген физикалық алшақтауға ұсынылған талаптарды (бір-екі метр) сақтауы керек. WADA-ның 2020 жылғы 25 қарашадағы COVID-19 пандемиясы кезінде сынама өткізу жөніндегі нұсқаулығына сәйкес, ДҚҰ спортшыларға қандай сақтық шараларын қолданатындығын, сондай-ақ тестілеу басталғанға дейін спортшылардан олардың денсаулығы туралы ақпарат жинауды ұсынады. ДҚҰ-да ұлттық немесе жергілікті нормативтік талаптарға сәйкес тәуекелдерді азайтудың қосымша рәсімдері болуы мүмкін.

4. Тестілеу процедураларында қандай да бір өзгерістер болуы мүмкін бе?

Процестің тұтастығын және барлық мүдделі тараптардың қауіпсіздігін көрсететін халықаралық стандарттар болған кезде, сіз таза бәсекелестікті қорғау мен жеке денсаулықты сақтау арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге бағытталған түзетулерді көре аласыз. Атап айтқанда, WADA-ның 2020 жылғы 25 қарашадағы COVID-19 пандемиясы кезінде сынама өткізу жөніндегі нұсқаулығы ДҚҰ-ға сіздің денсаулығыңыздың жағдайы және/немесе COVID-19-ға байланысты қауіптер туралы тәуелсіз мәлімдемені, сондай-ақ денсаулық пен қауіпсіздікке қатысты қандай қосымша сақтық шараларын қолданғаны және сынамаларды жинау қызметкерлері қабылдауы мүмкін шаралар туралы алдын-ала хабарлау процесін жүргізуді ұсынады. WADA сондай-ақ, бұрын-соңды болмаған уақыт барысында допингпен күресу үшін қандай шаралар жасағанын және оның қаншалықты оңай немесе қиындықпен бағалайды. Осы мақсатта WADA 2020 қыркүйекте құрылған Стратегиялық тестілеу бойынша сарапшылардың консультативтік тобы осы тәжірибеге арқа сүйейді және нәтижесінде допингке қарсы жүйенің одан әрі күшейту қаншалықты мүмкін екенін көреді.

COVID-19: сұрақтар мен жауаптар

23 ақпан 2021 ж.

---

5. Егер мен COVID-19 жұқтырған болсам немесе оның белгілерін байқасам не істеуім керек?

Сіз өзіңіздің және айналаңыздағы адамдардың денсаулығына бірінші кезекте назар аударуыңыз керек. Егер сіз вирусты жұқтыруым мүмкін деп алаңдасаңыз, Халықаралық денсаулық сақтау ұйымдары ұсынған өзін-өзі оқшаулау және басқа сақтық шараларын сақтауға (қолды жуу, маска кию және т.б.) басымдық беріледі. Сіз өзіңіздің аймағыңызда тиісті процедураларды, соның ішінде қашан және қайда тестілеуді, емдеуді және контактілерді іздеуге көмек көрсетуді (мүмкін болса) қамтамасыз ету үшін жергілікті денсаулық сақтау органдарымен байланысуыңыз керек. Допингке қарсы күрес шараларын жүргізу контекстінде сіз ДҚҰ өз жағдайыңыз туралы хабардар етуіңіз керек. Хабарламада сіз өзіңіздің орналасқан жеріңізді көрсетуіңіз тиіс, немесе олар өз жоспарына тиісті түрде өзгерту жүргізу үшін сынама жинауға келген қызметкерлерді жаңдайыңыз туралы ескертіңіз.

6. Егер мен COVID-19 жұқтырған адаммен тікелей байланыста болу себебімен карантинде болсам не істеуім керек?

Сізге денсаулық сақтау органдарының нұсқауларын орындау керек. Сіз бұл туралы мүмкіндігінше тезірек ДҚҰ-ға хабарлап, жағдайыңызды түсіндіруіңіз керек.

7. Егер менде тыйым салынған затты немесе әдісті қолдануды қажет ететін ауру болса, терапевтік қолдануға рұқсат (TUE) алуым қажет пе?

Иә, сіз қолыңызда жарамды ТҚ рұқсаты болуына жауаптысыз. Егер COVID-19 пандемиясы кезінде сіздің ТҚ алу өтінішіңізді қолдау үшін қажет құжаттарды алуға дәрігермен байланыс жасау мүмкін болмаса, сіз барлық қозғалыстарыңызды және қажет рұқсатты алу үшін туындаған қиындықтарды тіркеп, оларды құжатқа түсіруіңіз керек. Сіздің жағдайыңыз жеке қаралады. ТҚ үшін халықаралық стандарт ережелері бар, онда спортшы төтенше немесе ерекше жағдайларда өткен мерзімге ТҚ-ға рұқсат сұрай алады.

8. Мен өзімнің орналасқан жерім туралы әлі де ақпарат беруім керек пе?

Иә, сіз өзіңіздің орналасқан жеріңіз туралы мәліметтерді беруді жалғастыруыңыз керек. Егер сіз допингті бақылауға әсер етуі мүмкін денсаулығыңыз, өзін-өзі оқшаулау, қозғалыс шектеулері және т.б. туралы ақпаратпен бөліскіңіз келсе, орналасқан жеріңіз туралы мәлімдемеде осы туралы ақпаратты көрсетіңіз.

9. Егер мен оқшаулансам, карантинде болсам немесе сынама алу қызметкерлері тиісті сақтық шараларын қолданбағанын сезсем, тестілеуден бас тарта аламын ба?

Оқшаулану шаралары қолданылатын елдерде ДҚҰ тестілеуге ең қолайлы жағдайларда ғана шақырылады және олар жағдайдың қаупін мұқият бағалауға негізделген дұрыс шешім қабылдауы керек. Егер ұлттық немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тарапынан міндетті түрде оқшаулану/карантин болмаса, сізге ДҚҰ енгізген алдын-алу шараларын сақтай отырып, тестілеуден өту ұсынылады, олар болуы мүмкін тәуекелдермен сәйкес келуі керек.

COVID-19: вопросы и ответы

23 февраля 2021 г.

Егер Сіз тестілеуден бас тартсаңыз немесе хабарлама алғаннан кейін үлгі жинау процесін аяқтамасаңыз; немесе егер сіз қорғаныс шараларының болмауына байланысты үлгіні бере алмасаңыз (немесе қаласаңыз), сіздің сынамадан бас тартуыңыз нәтижелерді өңдеудің әдеттегі процесіне сәйкес келеді, бұл төрт жылға дейін жарыстардан шеттетуге әкелуі мүмкін. Егер сіз допинг-бақылау процесінде көмек көрсету үшін арнайы өкілдің көмегіне сүйенсеңіз (әсіресе кәмелетке толмағандар немесе мүмкіндігі шектеулі спортшылар үшін) ал өкіл COVID-19 байланысты қол жетімді болмаса, бұл жағдай нәтижелерді өңдеу процесінде ескеріледі.

10. Болашақта допингсіз ортада бәсекелесетініме қалай сенімді бола аламын?

WADA тестілеу деңгейі қай жерде төмен болғанын мұқият қадағалап отырады және осы кезеңде тиімді жолдарды табу үшін ДҚҰ-мен бірге тығыз байланыста. Спорт әлемі белгілі бір нормаға оралған кезде, тестілеу кезінде орын алған «олқылықтардың» орны қосымша мақсатты тесттер жүргізу шараларымен толықтырылады, әсіресе ақпарат жинау мен тергеулер жалғасып жатқан жағдайда. Қоғамдық денсаулық сақтау қажеттіліктері допингке қарсы жүйенің қажеттіліктерінен жоғары, сондықтан бұл жағдай спорттағы допингке қарсы күреске әсер етуі мүмкін. Дегенмен, жаттығулар әлдеқайда аз және жарыстар да әлдеқайда аз. Сондай-ақ, спортшылар өздерінен алынған допинг-бақылау сынамалары болашақта одан әрі талдау үшін сақталатынын және спортшының биологиялық паспортымен COVID-19-дан кейін жиналған кейбір сынамалар осы кезеңде орын алған допинг белгілерін анықтауы мүмкін екенін есте ұстауы маңызды.

Сонымен қатар, сіз допингпен күресуге өз үлесіңізді қоса аласыз, сіз ең соңғы ақпарат пен білім туралы хабардар болғаныңызға көз жеткізіп, әріптестеріңіз бен командаларыңызды да солай әрекет етуге шақыра аласыз. Сіз ADEL, WADA оқыту платформасы арқылы допингке қарсы білім беру ресурстарымен де таныса аласыз .

11. Егер допинг тестінің оң нәтижесіне әкелу мүмкін деген қорқыныш болса, мен COVID-19 вакцинасын жасауым керек пе?

Өзіңіздің денсаулығыңыз, айналаңыздағы адамдардың денсаулығы және жалпы халық үшін COVID-19 вакциналары ұсынылады. COVID-19 вакциналарында тыйым салынған тізімнен ешқандай заттар немесе тыйым салынған әдістер тізімінен немесе допингке қарсы талдауға кедергі келтіретіні әдістер жоқ. WADA жағдайды мұқият қадағалап отыр және агенттік бұл жөніндегі пікір өзгерген жағдайда міндетті түрде хабарлайды.

12. COVID-19 вакцинациясы менің спорттық көрсеткіштеріме әсер ете ала ма?

Кез-келген вакцинация әр-түрлі симптомдармен бірге уақытша физиологиялық реакция тудыруы мүмкін (мысалы, қызба, инъекция орнындағы ауырсынулар), бірақ бүгінгі күнге дейін бекітілген вакциналар тиімділіктің тұрақты төмендеуіне әкелетіні туралы ешқандай дәлел жоқ. Айта кету керек, COVID-19 жұқтырғандардың аз пайызында, оның ішінде жастарда ұзақ немесе тұрақты түрде денсаулыққа зиян келуі мүмкін екендігі туралы кейбір дәлелдер бар.